

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ауғанстан Өтпелі Ислам Мемлекетінің Үкіметі арасында сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісім жасасу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 18 наурыздағы N 261 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ауғанстан Өтпелі Ислам Мемлекетінің Үкіметі арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімнің жобасы мақұлданды.

2. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрі Әділбек Рыскелдіұлы Жақсыбековке қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ауғанстан Өтпелі Ислам Мемлекетінің Үкіметі арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімге қол қоюға өкілеттік берілсін. < \* >

**Ескерту. 2-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.04.15. N 421 қаулысымен .**

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3

ж ы л ғ ы

1 8

н а у р ы з д а ғ ы

N        2 6 1

қ а у л ы с ы м е н

мақұлданған

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ауғанстан Өтпелі Ислам Мемлекетінің Үкіметі арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісім**

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ауғанстан Өтпелі Ислам Мемлекетінің Үкіметі (бұдан әрі - "Тараптар" деп аталатын)

- теңдікке және өзара тиімділікке негізделген ұзақ мерзімді сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамытуға және кеңейтуге ниет ете отырып;

- осы Келісім берік және үйлесімді даму, екі мемлекеттің арасындағы жан-жақты сауда-экономикалық ынтымақтастық үшін тиісті және тұрақты негіз болатындығына сенімді бола отырып;

- Ауғанстанның экономикалық қалпына келуі үшін қолайлы жағдай жасау жөнінде қажетті күш сала отырып;

- ауған халқына экономикалық көмек көрсетуге бағытталған халықаралық бағдарламаларға бірлесе қатысудың маңыздылығын мойындай отырып; төмендегілер туралы келісті:

## **1-бап**

Тараптар екі мемлекет арасындағы атап айтқанда, өнеркәсіп, табиғи ресурстарды барлау және өндіру, технологиялық және ғылыми-техникалық ынтымақтастық саласында сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамытуға жәрдемдесетін болады. Тараптар осы Келісімнің ережелеріне және мемлекеттердің ұлттық заңнамаларына сәйкес екі мемлекеттің жеке және заңды тұлғалары арасындағы экономикалық байланыстардың әртүрлі нысандарын дамытуға жәрдемдесетін, сондай-ақ өзара келісім арқылы осы ынтымақтастықтағы кез келген кедергілерді жеңетін болады.

## **2-бап <\*>**

**Ескерту. 2-бап алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2004.04.15. N 421 қаулысымен .**

## **3-бап**

Тараптар сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамыту мақсатында ұлттық заңнамаға және экономикалық бағдарламаларға қатысты ақпаратпен, өзара қызығушылық тудыратын басқа да ақпаратпен алмасуды жүзеге асыратын, сондай-ақ ресми және іскер топтар делегацияларының кездесулерін ұйымдастыруға жәрдемдесетін болады.

## **4-бап**

Егер, коммерциялық мәміледе тараптар болып табылатын жеке және заңды тұлғалар арасында өзгеше көрсетілмесе, екі мемлекет арасындағы тауарларға барлық төлемдер мен ақша аударымдары Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес және халықаралық рыноктың бағалары мен стандартты шарттарына сәйкес еркін айналымдағы валютамен жүзеге асырылатын болады.

## **5-бап**

Тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамасының шеңберінде екі жақты сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамыту мақсатында жүктердің және жолаушылардың транзитін дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасауға ықпал ететін болады.

## **6-бап**

Тауарларды өзара жеткізу Тараптар мемлекетінің ұлттық заңнамасына және бағаға, сапаға, жеткізімдер мен төлем шарттарына қатысты белгіленген коммерциялық практикаға сәйкес Тараптардың жеке және заңды тұлғалары арасында жасалған келісім-шарттарға сәйкес жүзеге асырылатын болады. Бұл ретте Тараптар уағдаласушы Тараптардың жеке және заңды тұлғалары арасында жасалған келісім-шарттардан туындайтын міндеттемелер бойынша жауапты болмайды.

## **7-бап**

1. Тараптар осы Келісімнің ережелерін іске асыру мақсатында екі мемлекет өкілдерінен тұратын Сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық қазақстан-ауған комиссиясын (бұдан әрі - Үкіметаралық комиссия) құруға келісті.

2. Үкіметаралық комиссия қажеттілікке қарай, Тараптар мемлекеттерінің бірінің аумағында кезектесіп, кездесулер өткізетін болады.

3. Үкіметаралық комиссия екі мемлекет арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастыққа жәрдем көрсету және кеңейту үшін:

а) Тараптар мемлекеттерінің арасындағы сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастықты қолдаудың және дамытудың жолдары мен құралдарын қарайтын;

б) сауда-экономикалық ынтымақтастық саласында Тараптар мемлекеттерінің арасында жасалған халықаралық шарттардың, уағдаластықтардың немесе басқа келісім-шарттардың орындалуын жылжуын қарайтын, сондай-ақ осындай шарттарды орындау процесінде туындауы мүмкін проблемаларды шешудің жолдарын ұсынатын;

в) сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамытуға үлес қосатын салаларды айқындайтын, сондай-ақ Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдарына ұсынымдар  
б е р е т і н ;

г) екі жақты сауда-экономикалық ынтымақтастыққа кедергі болатын проблемаларды айқындайтын және оларды шешу үшін шаралар ұсынатын;

д) экономикалық көмек көрсету және ауған тарабының экономикалық жүйелерін қайта жаңарту жөніндегі жобаларды қарастыратын болады.

## **8-бап**

Осы Келісім Тараптардың олар қатысушысы болып табылатын басқа да халықаралық шарттар бойынша құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

## **9-бап**

Осы Келісімді түсіндіруге және қолдануға қатысты Тараптар арасындағы даулар консультациялар мен келіссөздер жүргізу жолымен реттелетін болады.

## **10-бап**

Тараптар осы Келісімге тиісті хаттамалармен ресімделетін және Келісімнің ажырамас бөліктер болып табылатын өзгерістер мен толықтырулар енгізе алады. Мұндай хаттамалар осы Келісімнің 11-бабының 1-тармағында белгіленген тәртіппен күшіне енді.

## **11-бап**

1. Осы Келісім күшіне енуі үшін қажетті барлық мемлекетішілік рәсімдердің орындалуы туралы Тараптар бір-бірін хабардар ететін соңғы жазбаша хабарлама алынғаннан кейін осы Келісім отызыншы күні күшіне енеді.

2. Осы Келісім, егер Тараптардың біреуі басқа Тарапты жазбаша нысанда тиісінше хабардар ету жолымен оның күшін тоқтату туралы ниетін білдірмесе, екі жыл бойы күшінде болады және өздігінен ұзартылған болады. Осындай жағдайда осы хабарлама жіберілген күннен бастап үш ай өткеннен кейін осы Келісімнің күші жойылады.

\_\_\_\_\_ қазақ, дари, орыс және ағылшын тілдерінде екі данада жасалды және барлық мәтіндер бірдей. Түсіндіру кезінде келіспеушіліктер болған жағдайда, Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

*Қазақстан Республикасының* *Ауғанстан Өтпелі Ислам*  
*Үкіметі үшін* *Мемлекетінің Үкіметі үшін*